

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ КӨСЕМБАЙ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ

2021 – 2022 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің
атқарылған жұмыстары туралы ақпарат

2021 – 2022 оқу жылында білім беру процесіне қатысушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуы мен әл-ауқатына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру, тез дамып келе жатқан ақпараттық өоғамда оқушылардың қалыпты әлеуметтенуіне көмек көрсету, психологиялық қызмет негізінде әр оқушыға жеке-дара қолдау көрсету мақсатында тамыз, қыркүйек айында психологиялық қызметтің жылдық жоспар құрылып, бірнеше әдістемелер өткізіліп, нәтижесі шығарылды.

Қыркүйек айында 1-сынып оқушыларынан бейімділіктерін, оқуға дайындықтарын анықтау мақсатында «Керн-Йарсек» әдістемесі алынды. 1-сыныптан оқушының сыныпқа, ұжымға бейімделуін анықтау мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. 5-сынып оқушыларымен мәдениеттіліктерін, өмірлік деңгейлерін кеңейту мақсатында «Із кезуші» акциясы өткізілді.



1-4 сынып оқушыларымен психологиялық сергіту жаттығулары болды. Оқушылар жоғары белсенділікпен, қызығушылықпен тапсырмаларды орындап берді. Отбасы күніне орай ата-аналармен «Отбасылық арт терапия мәселелерді шешу құралы» тақырыбында тренинг өткізілді.



Ерекше балалармен «өзін-өзі бағалау» әдісі алынды. Нәтижесінде өзін-өзі бағалаулары жақсы.

Қазан айында 5-сынып оқушыларынан «Мектептік мотивация», «Менің сыныбым», «Ағаш үстіндегі адам» әдістемесі алынды. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 6-7-8 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. 7-8 сынып оқушыларымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында слайдпен жұмыс өткізілді.

Қыз балалармен «Зорлық зомбылықтың психологиялық мәнісі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



Оқушылардың мазасыздық деңгейлерін анықтау мақсатында 8-9 сынып оқушыларынан DASS сауалнамасы алынды. Нәтижесінде қиын жағдайға тап болған оқушы болған жоқ. 8-9 сынып оқушыларымен «Мереке акциясы» өткізілді.

Балаларды ғаламтор желісіндегі қауіпті ойындардан аулақ болуға шақыру, құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында ата-аналар жиналысы өткізіліп, «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез - құлқы» тақырыбында слайд көрсету арқылы желідегі қауіпті ойындардан балалардың аулақ болуын бақылау ескертілді.

8-9сынып оқушыларымен «Өмір бақыт. Бәрі өз қолыңда» тақырыбында келеңсіз жағдайлардың алдын алу, өмірге деген құштарлығын арттыру мақсатында психологиялық тренинг өткізілді.

8 сынып оқушыларымен оқушыларды топтастыру, көңіл-күйлерін көтеру, ойларын ширату, сергіту жаттығуларын жасау мақсатында «Калейдоскоп» ойыны жүргізілді.

Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында ерекше балалармен «Суреттік тест» әдістемесі алынды.

Қараша айында жалпы адамзаттық құндылықтардың отбасы тәрбиесіндегі маңыздылығын айту мақсатында «Жалпы адамзаттық құндылықтар – отбасы тәрбиесінің негізі» тақырыбында ата-аналармен психологиялық тренинг өткізілді. Ата-аналар белсенділікпен қатысты.

6-9 сынып оқушыларынан эмоционалды , мазасыздық көңіл-күйін, жағдайын бақылау мақсатында «Зунге» әдістемесі алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша барлығында 50 балдан төмен, депрессиясыз күйді көрсетті. 5,9-сынып оқушыларынан сыныптағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Социометрия» әдісі алынды. Нәтижесінде шет қалған оқушы болған жоқ. 6-7 сынып оқушыларынан мінез – құлық типтерін анықтау мақсатында А.Белов бойынша «Темперамент формуласы» алынды. 5,6,8 сынып оқушыларымен оқушылардың достық қарым-қатынастарын нығайту, бір-біріне көмекке дайын болуға баулу мақсатында «Құпия дос» ойыны жүргізілді.

Желтоқсан айында ситуациялық мазасыздықты және жеке мазасыздық деңгейлерін анықтау мақсатында 9 сынып оқушыларынан «Спилберг» әдістемесі алынды. Нәтижесінде қалыпты, аса жоғары мазасыздық көрсеткен жоқ. 6-сынып оқушыларынан сыныптағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Социометрия» әдісі алынды. 9 сынып оқушыларынан оқушылардың мамандыққа бейімділіктерін, икемділіктерін анықтау мақсатында «Голланд» тесті алынды. Оқушыларға жасөспірім кезеңдері туралы мағлұмат беру, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға, мақсат қоя білуге бағыт бағдар беру мақсатында 7-9 сынып оқушыларымен «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және келесіздіктің алдын алу» тақырыбында слайдпен көрсетіліп, ақпараттар берілді.

Ақыл – ойды анықтау мақсатында 8,9-сынып оқушыларынан «ШТУР» тесті алынды.

Қаңтар айында 2-сынып оқушыларымен қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар өткізілді. Оқушылар қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты.

Оқу процесіндегі маңызды емтихан кезіндегі күйзелістік ахуалдың алдын алу және психологиялық дайындығын нығайту мақсатында 9 сынып оқушыларымен «Емтихан» ойыны жүргізілді.

Оқушылардың басқарушылық қабілеттерін бақылау, ой-қиялдарын дамыту мақсатында 8-сыныппен «Ұйқыдағы қала» ойыны жүргізілді.



2-3 сыныппен оқушылардың зейінділіктерін дамыту мақсатында «Бұзылған телефон» ойыны өткізілді.



Ақпан айында бастауыш сынып оқушыларымен оқушыларды сергіту, ширату, қарым-қатынастарын нығайту мақсатында қозғалмалы ойындар өткізілді. «Аспан – жер – су», «Жасырын тұрған сөздерді тап» ойыны өткізілді.

4-сынып оқушыларымен жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез – құлық бітістерін тану мақсатында «Кактус» әдістемесі алынды.

Наурыз айында оқушыларға зиянды заттардың зардабы туралы мәлімет беріп, аулақ болуға шақыру. Алдын алу мақсатында «Вейп – электронды шылым денсаулыққа қауіпті» тақырыбында 8-9сынып оқушыларына ақпараттар берілді.

Ұжым арасындағы қарым-қатынастарын нығайту мақсатында мұғалімдермен «Құпия дос» ойыны жүргізілді.



Сәуір айында баланың өзінің агрессиясын бақылауға үйрету, қанағаттанбаушылықты қолайлы формада білдіру, зейінділіктерін анықтау мақсатында бастауыш сынып оқушыларымен «Айна», «Апельсин», «Қағаздан жасалған қар» ойындары өткізілді.



4-сыныппен оқушылардың интеллектуалдық, психикалық даму деңгейлерін анықтау мақсатында «Біліктілікті зерттеу» (Э.Ф. Замбцявичене) әдістемесі алынды. Мамыр айында отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату мақсатында «Бақытты бала – отбасының айнасы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.



Өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушы жоқ. Себепсіз көп сабақ жіберген оқушы болған жоқ

Мектеп психологы: Р.Қ.Шутенова

